



## **РЕДАКЦИЈАЛЫҚ БАС АЛҚА:**

---

*Төрағасы*

Ержан қажы МАЛҒАЖЫҰЛЫ, *Бас мүфти*

---

*Мүшелері:*

С.С.Ораз

Н.Т.Өтпенев

Ғ.Ж.Мәжиев

М.Х.Алсабеков

З.Ж.Оразбаев

М.И.Пәттеев

С.Қ.Шоқанов

А.Ш.Сманов

А.Ш.Әділбаев

М.Б.Исахан

Б.Б.Мансұров

Ә.Б.Ерсін

С.З.Ибадуллаев

---

*Түркі жазба ескерткіштерін түпнұсқадан  
аударған және ғылыми түсініктерін жазып,  
баспаға дайындаған:*

Т.Қыдыр, *ф.ғ.к., доцент*

---

*Жауапты шығарушы*

Ұ.Еркінбай, *әдебиеттанушы, ф.ғ.к., доцент*



ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ

---

---

*«ДІН ЖӘНЕ ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ» ЖЫЛЫ АЯСЫНДА*

---

---



Дәстүрлі  
**ИСЛАМ**  
жауһарлары



Астана  
2016

ӘОЖ  
КБЖ  
Ж

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
Дін істері комитетінің дінтану сараптамасының  
оң қорытындысы берілген*

*Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының  
сараптау комиссиясы мақұлдаған*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Шығыстану факультетінің Ғылыми кеңесі ұсынған*

**Діни сарапшылар:**

*Шәмшиәдин Керім, филология ғылымдарының докторы, профессор;  
Смайыл Сейітбеков, философия ғылымдарының кандидаты;  
Бауыржан Әлиұлы, дінтанушы*

**Пікір жазғандар:**

*Бауыржан Омаров, филология ғылымдарының докторы, профессор;  
Ершат Оңғаров, теолог, PhD*

**Ж** **Дәстүрлі Ислам жауһарлары.** *Орта ғасырларда (X–XVI ғғ.) жазылған діни еңбектер мен шығармалардан үзінділер жинағы.* – Астана, 2016. – 392 бет.

ISBN

Адам баласының ең үлкен байлығы – күдіретті бір Жаратқанға деген иманы. Қолдарыңыздағы еңбек иманы кәміл бабаларымыздың баға жетпес асыл мұрасы.

Ғасырлар қойнауынан жетіп бүгінгі тәуелсіз елдің ұландарын ізгілік пен туралыққа шақырған ортағасырлық бұл мәтіндер – ұлттық руханиятымыздың темірқазығындай.

Кітапта X–XVII ғғ. аралығындағы Қараһандықтар, Алтын Орда және Қазақ хандығы дәуірлерінде жазылған діни-танымдық, діни-сопылық, діни-канондық және діни-ғибраттық туындылардың озық үлгілері жинақталған.

Кітап – дінтанушыларға, гуманитарлық сала мамандарына, студенттер мен зерттеушілерге, иман байлығын барлық құндылықтан биік санайтын барша оқырман қауымға арналады.

ӘОЖ  
КБЖ

ISBN

© Қазақстан мұсылмандары  
діни басқармасы, 2016  
© Қыдыр Т., 2016

## АЛҒЫ СӨЗ

*Аллаға шүкір, дінге, оны насихаттаған адамға қысым жасалған кешегі заман артта қалып, егемен елмен бірге асыл дініміз Ислам халқымыздың рухани тірегіне айналды. Асыл құндылықтарымыздан айырыла жаздаған, тар жол, тайғақ кешкен уақыттар халқымыздың Аллаға деген сеніміне селкеу түсірген емес. Соның айғағы болар, тәуелсіздік алған жылдардан бастап, дінге, руханиятқа шөліккіген жұртымыз Исламмен қайта қауышты. Елбасы қамқорлығымен діни саладағы жұмыс жанданып, Ислам насихатының көкжиегі кеңейіп келеді.*

*Иә, ұлтпен бірге оның діні де дамып, бірге қалыптасады. Халық бар жерде дін де, діл де өркендейді. Қазақ халқы асыл дінді жүрек қалауымен қабылдап, сан ғасырдан бері саналы ғұмыр кешіп, өнегелі өмір салтын қалыптастырып келеді. Біз кеше ғана мұсылман болған ел емеспіз. Біз дін мен дәстүрін ардақтаған, салтын сақтай білген жоралы жұртпыз.*

*Ислам дінін қабылдаған халқымыз білім мен діни ағартушылық саласына мән берген. Ірі қалаларда бой көтерген медреселер қызметі, көшпелі жұрт арасында молда ұстап, бала оқыту дәстүрі де кең тарады. Дін жанашырларының қамқорлығымен ел ішінде сауатты молдалар діни білім беріп, бала оқыту арқылы халықтың сауатын ашты. Осылайша, қарапайым қазақ балаларынан бастап, аты аңызға айналған тұлғаларымызға дейін хат танып, сауатын көтерді.*

*Халқымыздың біртуар перзенттерінің, ақын-жазушыларының өмірбаянымен танысқанда: «Әуелі ауыл молдасынан сауат ашып, хат таныған», – деген деректерді кездестіреміз. Бұл көрініс сол кездегі дін қайраткерлерінің қабілеті мен қоғамдағы ықпалын, өзіндік орнын айқын аңғартады.*

*Дін қайраткерлерінен сауат ашқан, қолына қалам ұстаған ақындар Ислам дінінің асыл қасиеттерін өсиетті өлеңдерімен жырласа, ой маржанын тере білген ғалымдар иман негіздері мен шарият амалдарын төл мәзһабымыздың бағыты бойынша талдап, түсіндіріп, ұрпақ үшін рухани азық болып келе жатқан орасан еңбектер қалдырған. Өз ана тілімізде рух тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген даналық хикметтер, діннің негіздерін түсіндіріп беретін танымдық еңбектер, халықты жақсылыққа шақырып, жамандықтан алыс болуға үндейтін дидактикалық шығармалар жазылды.*

Ортақ тарихымыздан белгілі жайт: Әбу Ханифа мәзһабы Орталық Азияда үстемдікке ие болды. Ханафи мектебінің белді өкілдері, мысалы, имам Мұхаммед әл-Бұхари, Әбу Мансұр ас-Самарқанди, Әбу Мансұр әл-Матуриди, Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Иасауи, әс-Сарахси, Әли ибн Осман әл-Уши секілді т.б. ғұламалар мұсылмандық дәстүрлі мектептің қалыптасуына зор ықпал етті. Әлемдік деңгейде танылған ғұлама-ғалымдарымыз бен олардың орасан еңбектері күллі мұсылман үмбетінің мақтанышына айналды. Бүгінде дүниежүзі мұсылмандары Орталық Азия мұсылмандарын жоғарыда аты аталған ғалымдардың тікелей ұрпақтары деп санайды. Бізге берілген бұл мәртебе баршамызға зор жауапкершілік жүктейді.

Қазақ хандығы Алтын Ордадан бөлініп шыққан кезде діні мен дәстүріне берік мемлекет ретінде өз іргесін қалады. Осы кезеңде дін мен дәстүр өзара үйлесім тапты. Халқымыздың тұрмыс-тіршілігі шаригат аясында орындалып, дәстүрлі Ислам жолы қалыптасты. Ел басқару, қазылық жауап қызметтерінен бастап, күнделікті істерде де шаригат үкімдері басты назарға алынып отырды. Әбу Ханифа жолын ұстанған бабаларымыздың өмірі бізге қашан да өнегелі. Ендеше, ата-бабамыздан қалған асыл жауһарларды қайта жарыққа шығарудың орайлы сәті, мол мүмкіндігі туды.

Әлем кітапханаларының сирек қорларында шаң басып жатқан ескі кітаптарды жарыққа шығарып, халықтың игілігіне ұсыну – бүгінгі ұрпақтың абыройлы міндеті. Қолдарыңыздағы «Дәстүрлі Ислам жауһарлары» атты кітап осынау игі ниеттің, ізгі ойдың бір көрінісі ғана.

Алла Тағала кітапты халқымыз үшін пайдалы етіп, осы еңбек арқылы баршамыздың білімімізді арттыруды нәсіп етпей!

**Ержан қажы МАЛҒАЖЫҰЛЫ,**

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы,  
Бас мүфти



## ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМ ТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ

Түркі халықтары өз болмыстарында соңғы дін – Исламды қабылдап, шынайы ақиқатқа қол жеткізгенге дейін бірнеше дінді ұстанғандығы тарихтан белгілі. Ежелде түркілер Тәңірді ардақ тұтып, жақсылық пен жамандық атаулы соның қалауымен болатынына имандай сенген. Әрбір істі Тәңірдің атымен бастап, Одан көмек сұрағанын бізге дейін жеткен жазба деректер айғақтайды. Сондай-ақ, ежелде пайда болған діндер мен ілімдердің кейбірі түркі тайпаларының арасына тараған. Сондай діндердің қатарына пұтқа табынушылық (будда діні), отқа табынушылық (манихей діні) және монотейстік (христиан дінінің несториан ағымы) сенімдегі діндер мен ілімдер кірген. Тәңірлік дінді ұстанып келген түркі тайпаларының кейбірі бергін келе осындай сырттан келген әртүрлі діндер мен ағымдардың жетегінде кеткен. Мысалы, VII ғасырдың бірінші жартысында батыс аймақты мекендеген түркілердің кейбір билеушілері будда дінін ұстанған болса, VII–VIII ғасырларда несториандық ілім Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аймақтарында тараған. Сондай-ақ, III ғасырда Иранда пайда болған манихей діні де осы өңірде тараған. Белгілі ғалым С.Г.Кляшторный бүгінгі Тараз қаласының маңында ежелде Зороастризм дінінің етек жайғанын алға тартады<sup>1</sup>.

Түркітанушы Х.Г.Короғлының: «Түркі тілдес халықтар ежелде әр түрлі діндерді қабылдаған. Ежелгі түркілер тәңірлік және шамандық діни сеніммен қатар, буддист (буддизм оларға Тибет пен Индиядан келген) те болған. Кейінірек олар ирандықтардан (бастысы соғдылардан) манихейлікті, сириялықтардан несториан-христиандықты қабылдаған. Бұлардың бәрі ежелгі жазба ескерткіштерде көрініс тапты», – деп жазғанындай, сырттан келген кейбір діндердің киелі мәтіндері арада біраз уақыт өтпей-ақ, жергілікті халықтың тілінде сөйлей бастаған. Мысалы, сол замандарда түркі тілдерінде дүниеге келген буддалық мәндегі «Алтын жарық», манихейлік дұға – «Хуастуанифт» және несториандық сипат алған «Абыздардың құлшылығы» сияқты діни шығармалардың бой көрсетуі соның жарқын дәлелі.

<sup>1</sup> Кляшторный С.Г., Сұлтанов Т.И. Казахстан летопись трех тысячелетий. Алматы: Рауан, 1992. – 374 б.

Байырғы түркілердің бәрі бірдей тәңіршілдікті ұстанбай, бертін келе кейбір тайпалардың кейіннен пайда болған сенімдердің жетегінде кетуінің басты себебі – Тәңірлік сенім жоралғыларының хатқа түспеуінде жатыр еді. Яғни, Жаратушы мен пенде арасын жалғаушы елшісі мен тура жолды көрсетер қасиетті кітабы болмағандықтан да, тәңіршілдік кейінгі діндермен ашық бәсекеге түсе алмады. Сондықтан да пайғамбары (Иса пайғамбар) не ойшылы (Будда, Мани) бар және діни жоралғылары хатқа түскен кейінгі діндер мен ілімдер кейбір түркі тайпаларының арасына кеңінен тарады. Бірақ қолдан жасалған ілімдер мен бұрмаланған діндер де түркілердің рухани сұранысын толық қанағаттандыра алмады. Сол себепті де түркі халықтарының кейбірі ақыр соңында шынайы ақиқатты Исламнан ғана тапты.

Белгілі ғалым В.В.Бартольдтің: «Тарихта көптеген буддист және христиан дінін ұстанған халықтардың Исламды қабылдағанын көргенімізбен де, христиандықты немесе буддизмді қабылдаған бірде-бір мұсылман халқын кездестірмедік», – деп жазғанындай, түркі тайпалары Исламды қабылдағаннан кейін басқа діндерге жалтақтамады<sup>2</sup>.

Алғашқы аятынан-ақ «Оқы!» деп, адамзат баласын ғылым мен білімге шақырған Ислам діні арабтардан бөлек, ажам<sup>3</sup> халықтарының арасына да кеңінен тарады. Алла тарапынан жіберілген шынайы пайғамбары, көктен түскен қасиетті кітабы бар, сонымен бірге Жаратушыға құлшылық жасау амалдары кеңінен қамтылған соңғы дінді түркі тайпалары жатырқамай қабылдай бастады. Исламды қабылдаған халықтардың мәдениеті дамып, жаңа өркениетке қарай қадам басты. Ең бастысы – мұсылмандар арасында жазба мәдениет қалыптасты. Қолына қалам ұстағанның қадірі асты. Басқа мұсылман халықтарын былай қойғанда, түркі халықтарының ішінен сөз маржанын тере білген ақындар мен түпсіз ғылым тұңғиығына сүңгіген ғалымдар көптеп шықты. Исламнан кейін түркі даласында қалыптасқан Қараһандықтар билігі тұсында-ақ, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Жүйнеки, Ахмет Иасауи, Сүлеймен Бақырғани секілді ақындар шығып, әдебиет айдынында қалықтады. XIII–XV ғасырларда түркі жазба әдебиеті шарықтау шегіне жетті. Жүніс Емре, Науаи, Физули, Сайхали, Дүрбек, Сарай, Харазми, Құтыб секілді көптеген шайырлар түркі сөз өнерінің өрісін кеңітті.

Өкінішке қарай, түркі тайпаларының барлығы дерлік Исламды қабылдаған жоқ. Сібір жақты жайлаған түркілерге мұсылман болу нәсіп болмады. Италияндық түркітанушы А.Бомбачидің: «Ислам дінін ұстанбаған кейбір

<sup>2</sup> «Вообще история знала много буддических и христианских народов, принявших Ислам, и не знала ни одного мусульманского народа, который бы принял буддизм или христианство» (Бартольд В.В. Тюрки; Двенадцать лекций по истории тюркских народов Средней Азии).

<sup>3</sup> Арабтан өзге халықтар, яғни парсылар, түркілер

түркі халықтары жазба әдебиетін жақында ғана қалыптастырды»<sup>4</sup>, – деп жазғанындай, олардың жазба мәдениеті бертінде ғана дамығаны, ащы да болса шындық<sup>5</sup>.

Әрине, Исламды қабылдаған түркілердің ғылымы мен әдебиеті бірден шарықтап дами қойған жоқ. Жаңа дін жергілікті халықтың жүрегінің түбінен орын алып, шынайы имани сеніміне айналғаннан кейін ғана нәтижесін бере бастады. Қара жерге дән түсіп, ол көктеп, жеміс берем дегенше арада біраз уақыт өтті<sup>6</sup>. Ислам ғалымдары оны «Ду ғәрн-е сукут» яғни «Екі ғасыр үнсіздік» деп атады. Бұл – тың өркениеттің алдындағы «үнсіздік» еді. Яғни, ата жаңа дінді қабылдады, бала бойына сіңірді, немере ділде бекітті, шөберенің болмысы ақиқатпен тұтастанды, содан кейін ғана іштегі жиналған шер көркем сөз ретінде сыртқа шықты. Содан ақындар адамзат баласын жақсылыққа шақырып, жамандықтан тосатын жыр жолдарын жазды, діннің негізгі ұстындары мен шарифат шарттарын өлең сөзбен өрнектеді, сопылықтың сырлы әлемі мен ахлақ тәрбиесін асқақтата жырлады. Түркі халықтарының жазба әдебиеті бірнеше бағытта дамып, тамырын теренге жіберді, жанр, форма жағынан түрленіп, мазмұн жағынан байи түсті. Орта ғасырда (негізінен XIII–XV ғғ.) түркі жазба әдебиеті өзінің алтын дәуірін бастан кешірді. Суреткер-ғалым М.Әуезовтың сөзімен айтар болсақ, мұсылмандықты қабылдаған соң түркі халықтары бір қырдан асып кеткендей болды<sup>7</sup>.

Қазақ әдебиетінің тарихына көз тастағанымызда орта ғасырда дүниеге келген діни шығармаларды айналып өте алмаймыз. Себебі, ортағасырлық әдебиет, негізінен, бұл – діни әдебиет. Діндегі әдебиет емес, әдебиеттегі дін. Түркілердің Ислам дінін көркем сөзбен насихаттағанының нәтижесінде жазба әдебиеттің тарихы терендей түсті. Қараһандықтар билігі тұсында бастау алған бұл дәстүр XX ғасыр басына дейін жалғасты. Бұл туралы Алаш ардақтысы Х.Досмұхамедұлы: «Қазақ жазба әдебиетінің негізін мұсылманша оқыған сауатты ақындар салғаны сөзсіз. Сондықтан да, жазба әдебиеттің алғашқы үлгілерін халық поэзиясының діни және ғибраттық

<sup>4</sup> «Некоторые тюркские народы, не исповедовавшие ислам создали свою письменную литературу лишь недавнее время» (Бомбачи А. // Зарубежная тюркология. Т.1. Москва: Наука, 1986. – 184 с.).

<sup>5</sup> Расында, олардың ортағасырлық әдеби жәдігері тұрмақ, бүгінгідей жаһандану заманында ұлт ретінде жойылып кетудің сәл-ақ алдында тұрғаны өкінішті. Ал, Исламды қабылдаған түркілердің басым бөлігі бүгінде өз алдарына жеке ел болып, өз туларын желбіретіп отырғаны ақиқат.

<sup>6</sup> Расында да, жаңа дінді, сонымен бірге келген «тың» мәдениетті қабылдау оңай болғанымен де, оны бойға сіңіру ұзақ уақытқа созылатыны белгілі. Дінді өзгерту тұрмақ, бір фармациядан екінші фармацияға өткен уақытта да шығармашылық адамдарының санасында тұралау болатындығы белгілі. Бұған мысалды алыстан іздемей-ақ, Кенес Одағы құрамында болған халықтары ақын-жазушыларының өткен ғасырдың 90-шы жылдардағы көңіл-күйін алсақ та жетіп жатыр.

<sup>7</sup> Әуезов М. Шығармалары. 16 том. Алматы: Жазушы, 1985. – 400 б.



түрлерінен іздеу қажет»<sup>8</sup>, – деп, қазақ әдебиетінің арғы бастаулары діни әдебиетте жатқанын меңзеді. Ал, М.Әуезов: «Қазақ арасына ісләм (Ислам – Т.Қ.) дінінің тарауына көбінесе қазақтың ақындықты сүюуі себеп болды деген дұрыс пікір. Елге не жайылса да, әдебиет жұрнағы болып, әдебиет өлшеуінің біріне түскен соң ғана жайылатын болған. Өлеңсіз, әңгімесіз, сұлу сөзсіз келген құрғақ үгіт болса, ондайды ел тыңдамаған да ұқпаған, ықылас қоймайтын болған»<sup>9</sup>, – деп, молдалардың дін таратуда көркем сөзді ұтымды пайдаланғанын жазды.

Расында да, Қараһандықтар билігі тұсынан бастау алған діни әдебиет Алтын Орда, Қазақ хандығы тұсында кемеліне келді. Сол уақыттарда өмір сүрген Жүсіп Баласағұн, Ахмет Жүйнеки, Ахмет Иасауи, Сүлеймен Бақырғани, Бұрһануддин Рабғұзи, Махмұт Кердері, Хусам Кәтиб, Сәйф Сараи, Мұхаммед Бабыр секілді түркі шайырларының шығармаларында иман ұстындары, шарифат шарттары мен ахлақ негіздері кеңінен жырланды. Ғалым-ғұламалар дін негіздерін діни-танымдық еңбектер арқылы таратып жазса, қолына қалам ұстаған ақын-шайырлар Хақ дінді өлең сөзбен жырлап, әрбір мұсылманның жүрегінде иман нұры ұялауына септігін тигізді. XIII–XVI ғғ. жазылған «Муғинул-мурид», «Рәунәкул-Ислам», «Мубәййән дәр фикһ» секілді шығармаларда шарифат шарттары, фикһ негіздері өлең сөзбен өрнектелді. Бұл шығармаларда дәрет пен намаздың, ораза мен қажылықтың парыздары, уәжіптері, сүннеттері, мұстахабтары мен мәкрүһтері қарапайым халыққа ұғынықты тілде жеткізілді. Содан дінді көркем сөзбен насихаттау дәстүрге ұласты. Бұл дәстүр XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында кемеліне келді. Қазақ әдебиеті тарихынан орын алған Шәді төре Жәңгірұлы, Тұрмағанбет Ізтілеуов, Жүсіпбек Шайхисламұлы, Нұралы Нысанбайұлы, Мұсабек Байзақұлы, Мұхамедсәлім Кәшімов, Ақылбек Сабаұлы, Нұржан Наушабаев, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Омар Шораяқұлы сияқты т.б. ақындардың шығармаларында анық көрініс тапты. Кеңестік кезеңде «Кітаби ақындар» деп аталып, ғалымдар назарынан тыс қалған бұл ақындардың бәрі дерлік сол заманның «Мир-Араб», «Көкелташ», «Қарнақ» секілді діни медреселерінде тәлім алған болатын. Сондықтан да олар қандай шығарма жазса да, басты ұстын ретінде иман негіздерін алды.

Алаш ардақтысы А.Байтұрсынұлының «Қазақтың өлеңді сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен. Дін шарттарын, шарифат бұйрықтарын өлеңді хикая, өлеңді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне қондырған»<sup>10</sup>, деп жазғанындай, бұл ақындар дінді көркем сөзбен үгіттеді. Себебі өлең сөз арқылы кірген иман көкейде

<sup>8</sup> Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.

<sup>9</sup> Әуезов М. Шығармалары. 16 том. Алматы: Жазушы, 1985. – 400 б.

<sup>10</sup> Байтұрсынұлы А. Шығармалары. 1 том. Алматы: Алаш, 2003. – 408 б.

жатталып, жүректе берік сақталатын еді. Тіпті кейбір ақындар медреселерде оқытылатын пәндердің негізінде көлемді шығармалар да жазды. Бір ғана Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр шәриф», «Ахуал қиямет», «Фикһ Кәйдәни», «Барсиса қиссасы», «Хайбар қиссасы», «Хазірет Дәуіт қиссасы» секілді шығармалары арқылы ақида мәселелерін, Мұхаммед пайғамбардың (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын!) өнегелі жолын, Кәйдәни фикһындағы намаз бен дәрет мәселелерін, пайғамбарлар тарихын өлең сөзбен жырлауы соның айғағы. Көркем әдебиетте дін тақырыбы жиі көтерілгені соншалық, мәдхия, рамазания, мәуліт шәриф, әрбәғин сияқты бірнеше жанрлар пайда болды. Қолына қалам ұстаған ақын-шайырлар, тек, діни-дидактикалық шығармалар жазып қоймастан, діни-танымдық еңбектерге де қалам тартты. Атап айтсақ, Абай Құнанбаевтың «Китәбун тәсдиқ», Ыбырай Алтынсариннің «Имандылық шарты», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылманшылық тұтқасы», М.Кәшимовтің «Иғтиқад», «Насихат қазақия», Б.Баймағамбетовтің «Назымды иғтиқад», Ж.Жұмабаевтың «Иман мағынасы», Ж.Темірбековтің «Иман-иғтиқад», Н.Манаевтің «Иман-Ислам», Н.Казембаевтің «Құран құралы, арабша алифба», К.Шаһмарданұлының «Оқу намаз кітабы», А.Сабаловтың «Бес намаз», М.Малдыбаевтың «Иман һәм яки мұсылмандық кітабы» секілді дін негіздерін түсіндірген діни-танымдық еңбектерінің қазақтың ислами әдебиетінде алар орны ерекше. Олардың қаламынан туған діни-дидактикалық, діни-танымдық шығармалар мен еңбектердің кейбірі ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында (анығы Қазан төңкерісіне дейін) Ташкент (Арифжановтар баспаханасы), Қазан (Кәримовтар баспаханасы) және Орынбор қалаларындағы баспаханалардан мыңдаған тираждармен басылып шықты. Ал, кейбірі белгілі бір себептерге байланысты баспа көрмегендіктен де, қазақ даласына қолжазба ретінде тарады. Иман тақырыбын көтерген мұндай рухани шығармалар қазақ даласында «дала медресесінің» рөлін атқарды десек артық айтқандық болмас.

Осылайша мың жылдан артық «дала медресесінің» рөлін атқарған діни шығармалар мен еңбектердің нәтижесінде қазақтың болмысына, тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына бейімделген дәстүрлі Исламның негізі қаланды. Жергілікті халықтың салт-дәстүріне кеңшілікпен қарайтын Әбу Ханифа мәзһабы Алтын Орда билігі тұсында-ақ шарифаттағы негізгі ұстаным ретінде мойындалды. 1313 (һижри бойынша 713-ші жыл) жылы Ислам деген шайыр Имам Ағзам фикһындағы шарифат шарттарын өлең сөзбен өрнектеп, «Муғинул-мурид» атты шығарма жазды. Осы шығарма арқылы Жошы ұлысында Әбу Ханифа мәзһабы кеңінен насихатталды. Сондай-ақ, Керей мен Жәнібектің Алтын Ордан бөлініп, Қазақ хандығының негізін қалаған 1464–1465 (һижри бойынша 869-шы жылы) жылдары «Раунакул-ислам» атты шығарма жазылды. Әбу Ханифа мәзһабы бойынша

күлшылық жасаудың қыр-сыры өлең-жырмен ашып көрсетілген бұл шығарма өз алдарына жеке отау тігіп, енді ғана шаңырақ көтеріп жатқан қазақ халқының имани сенімінің нығая түсуіне көп септігін тигізгені анық. Ханафи мәзһабындағы әрбір амалдың орындалу тәртіптері егжей-тегжейлі жазылған бұл шығарма алғашында қолжазба қалпында тарап, бертін келе алғашқы баспалар пайда болған жылдары біріншілерден болып жарық көрді. Тек қазақтың ғана емес, түркі мұсылмандарының сұранысын қанағаттандырған бұл еңбек XIX–XX ғасырларда жарық көрген «Түркістан уәлаяты газетінде» ұзақ уақыт бойына насихатталды. Осыдан-ақ бұл еңбектің қаншалықты сұранысқа ие болғандығын аңғаруға болады.

Сондай-ақ, Мұхаммед Бабырдың да Ханафи мәзһабын насихаттап «Мубәййән дәр фикһ» шығармасын жазуы – жалпы түркі халықтарының Имам Ағзам жолын өздеріне барынша жақын тартқандығының айғағы. Шайбани ұлысынан ығысып Кашмирден бір-ақ шыққан Бабыр өзі жаңадан іргесін қалап жатқан «Моғолстанда» ғана емес, сонымен бірге түркі мұсылман жұртында Имам Ағзам мәзһабының үстемдік құрғанын қалаған сияқты. Себебі Бабыр өмір сүрген уақытта әр жерде топтасып жүрген шиғалық (яғни, шиизм) ағым Иранда Сефевидтер әулетінің билікке келуімен мемлекеттік дін ретінде жариялануы, ақынды сүнниттік, соның ішінде Ханафи мәзһабын насихаттап шығарма жазуға итермелеген секілді. Иман сенімдері мен шарифат шарттары өлең сөзбен өрнектелген Бабырдың бұл шығармасының Орта Азияны мекендеген бауырлас түркі халықтары, соның ішінде қазақтар тарапынан да көп оқылғандығы ешбір талас тудырмайды.

Жалпы, түркілердің Исламға келуі туралы сөз қозғағанда Мысырды билеген мәмлүк-қыпшақтарының ұстанған мәзһабын айналып өту мүмкін емес. Солтүстік Африкада орналасқан Мысыр жұртына күл ретінде сатылып, бертін келе билік тізгінін қолға ұстаған қыпшақтардың Жошы ұлысының негізінде құрылған Алтын Орда мемлекетімен тығыз қарым-қатынас орнатқаны тарихтан белгілі. Алыс қиырға кеткен мәмлүк-қыпшақтардың ата жұртта бой көтерген Алтын Орда билеушілерімен қарым-қатынас орнатуының басты себебі – туыстық байланыс десек, сондай-ақ, екі ел билеушілерінің бір имани сенімде болуы бұл барыс-келісті барынша жақындата түскендігі анық. Мысыр жұртының Әбу Ханифа мәзһабын ұстап қалуының негізгі себептерінің бірі ретінде мәмлүк-қыпшақтарының билікке келуімен байланыстыруға негіз бар. Немесе соның алдында ғана тарих сахнасынан көрінген Фатимидтер әулеті ел билеушілерінің шиғалық бағытқа бүйрегі бұрып тұрғаны тарихтан белгілі. Билікті қолға алған мәмлүктердің ата жұрттағы қыпшақтармен тығыз қарым-қатынас орнатуының нәтижесінде Мысыр мен Алтын Ордада ханафилік мектеп барынша насихатталды. Соның нәтижесінде Мысырда патшалар мен сұлтандардың жастанып оқитын

«Иршәдул-мулук уәс-сәлатин» («Патшалар мен сұлтандарға нұсқаулық») атты еңбек жазылды. Ханафи мектебінің шариғаты барынша түсіндіріліп жазылған бұл туынды, тек ел билеушілерінің арасына ғана емес, сонымен бірге қарапайым халық арасында да танымал болған. Сондай-ақ, ханафилік-ті насихаттайтын Әбу Ләйс Самарқанди тарапынан жазылған фиқһтық еңбектің арабшадан түркі жазба тіліне тәржімалануы – түркілер арасында Имам Ағзам мәһабын таратуда басты ізденістердің бірі десек болады.

Құран түркі жазба тіліне алғаш рет Қараһандықтар билігі тұсында аударылды. Сондай-ақ, алғашқы түркі тіліндегі Құран тәпсірі де осы кезеңге тиесілі. Содан Исламды жаңадан қабылдаған түркілер қасиетті кітаптың ішкі мазмұнына терең бойлады. Әрі ақындар араб тілін білмейтін ауам (қара) халық үшін қасиетті Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінің түпкі мазмұнын өлең сөзбен жеткізіп беруге тырысты. Ахмет Жүйнекидің Құранның бір аятын немесе пайғамбардан бір хадис алып, оның мазмұнын жыр жолдармен ашып беруге тырысуы соның айғағы. Пайғамбар хадисінің мазмұнын талдап беру кейіннен әдеби дәстүрге ұласып, Науаи, Физули секілді шайырлардың шығармашылығында көрініс берді. Әдебиетте «Әр-бәгин»<sup>11</sup> жанры ретінде мойындалған бұл дәстүр бойынша ақыннан пайғамбардың қырық хадисін өлеңмен (негізінен рубай жанрымен) талдау талап етілді. Сөз маржанын тере білген шайырлар бұл салада өзара жарысқа түссе, жазу мәнері қалыптасқан жазушылар ислам ақиқаттарын қара сөзбен насихаттай бастады. Қараһандықтар тұсында діни әдебиет, негізінен, өлең сөзден тұрса, Алтын Орда тұсында прозалық діни шығармалар мен туындылар пайда болды. Махмуд Кердері 1387 жылы (һижри бойынша 789-шы жыл) пайғамбардың қырық хадисін талдап «Нәһжүл-фәрадис» («Жұмақтардың ашық жолы») деген шығарма жазды. Ал, Бұрһануддин Рабғұзидың «Қис-сәсул-әнбия» («Пайғамбарлар тарихы») еңбегі де сол заманда көп оқылған туындылардың бірі саналды. Адам атадан бастап, Мұхаммед пайғамбарға (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын!) дейінгі пайғамбарлардың өмір тарихы әдемі суреттеп берілген бұл еңбекте діни қиссалардан бөлек, қазақтың ауыз әдебиеті мен аңыз-әпсаналарына да көп орын беріліп еді.

Түркі жазба тілінде жазылған сопылық шығармалардың көшбасында, сөз жоқ, Ахмет Иасауидің «Диуани хикметі» тұр. Сопылықтың сырлы әлемі мен ахлақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген ақын қазақ даласында өз тариқатын қалыптастырды. Жария зікірге негізделген бұл сопылық ілім бертін келе силсиләсі<sup>12</sup> үзіліп, тариқат ретінде өмір сүруін тоқтатты. Десек те қазақ мәдениетінде өзіндік із қалдырды. Шайырдың айтқан сөздері хикмет

<sup>11</sup> «Қырық» деген мағына береді, яғни пайғамбардың қырық хадисін талдап өлең шығару.

<sup>12</sup> сопылық таным бойынша ұстаздың тариқатты жалғастыру үшін шәкіртіне беретін рұқсаты.

яғни даналық сөз ретінде тарап, сол замандағы сопы шайырларға қатты әсер етті. Ақын өз шығармаларында Хаққа деген махаббатты жырлап, тариқатқа шарифатсыз кіріп болмайтынын, әрбір мүриттің ұстазы ижазатты<sup>13</sup> шынайы пір болу керектігін алға тартты. Себебі сопылық тариқаттар тарихында өзінен алдыңғы ұстазынан рұқсаты жоқ, жалған пірлердің шығып, мұсылман баласын шатастырған жағдайлары аз болмаған. Ислам ғұламалары Құран мен хадиске негізделген сопылықты жоққа шығармайды. Сопылық жолы – өте нәзік һәм ауыр жол. Алла аяты мен пайғамбар хадистеріне негізделген сопылық рухани ішкі жан тәрбиесі болып есептеледі де, Құран мен хадиске қайшы келетін тариқаттар адасқан болып саналады. Иасауидің ізін басқан Сүлеймен Бақырғани да хикмет жанрын одан әрі дамытты әрі «Ақырзаман», «Исмайыл қиссасы», «Жарты алма» секілді дастандар жазды. Оның қаламынан туындаған шығармалардың келешек ұрпаққа берер тәлім-тәрбиесі мол екені ақиқат.

Адамзат баласын жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтару – діни әдебиеттің басты мақсаты. Осы тұрғыдан алғанда Алтын Орда тұсында өмір сүрген Хусам Кәтибтің «Жұмжұма» дастанын ерекше атап өткен жөн. Діни аңыз-әпсананың желісімен жазылған бұл дастанның негізгі айтар ойы – дүниенің өткіншілігі, қу нәпсінің құлы болмай, Жаратқанның құлшылығын естен шығармау.

Дидактикалық сарында жазылған шығармалардың бірі – Сәйф Сараидың «Гулистан бит-турки» («Туркише Гүлістан») атты туындысы. Парсының классик шайыры Сағди Ширазидың «Гулистанын» Алтын Орда тұсында өмір сүрген Сәйф Сараи 1391 жылы түркі жазба тіліне тамаша аударып шыққан. Шығармада іштарлық пен көрсеқызарлықтан ада болу, аз сөйлеп, көп тыңдау, қанағатшыл әрі сабырлы болу секілді ахлақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінген.

Қараһандықтар, Алтын Орда және Қазақ хандығы тұсында жазылған діни шығармалар көркемдік ерекшелігімен, тақырыптарының әралуандығымен ерекшеленеді. Бұл шығармалар мен еңбектерде Ислам дінінің негізгі ұстындары мен шарифат шарттары Имам Ағзам мәзһабы бойынша берілсе, діни аңыз-әпсаналар мен тәмсіл-мысалдар қазақ дүниетанымына, болмысына ыңғайланып жазылғанын ерекше атап өткен жөн. Сондықтан да қазақ даласына кеңінен тараған діни шығармалар мен еңбектерді көтерер тақырыбы мен ішкі мазмұнына қарай діни-дидактикалық, діни-сопылық, діни-канондық және діни-танымдық деп, шартты түрде төртке бөліп қарастырғанды жөн деп таптық.

<sup>13</sup> силсиләсі үзілмеген рухани ұстаздан рұқсаттың болуы. Егер рұқсаты болмаса, тариқаттың атын жамылған жалған пір саналады.

Діни-дидактикалық деп, адамзат баласын жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтаруда Құран аяттары мен пайғамбар хадистеріне, сондай-ақ Ислам ғұламаларының айтқан пәтуалы сөздеріне сүйену, сол арқылы туралық пен пәктікті, адамгершілік пен ақиқатты, сабырлылық пен мейірімділікті жырлау, яғни Ислам дінінің асыл қасиеттерін көркем сөзбен насихаттауды айтамыз. Мысалы: Ахмет Жүйнекидің «Ғибәтул-хәқаик», Сәйф Сараидың «Гулистан бит-турки» және Хусам Кәтибтің «Жұмжұма» секілді дастандары;

Діни-сопылық деп, сопылықтың сырлы әлемі, Аллаға деген махаббат пен ішкі рухани тәрбие мәселелері жиі көтерілген, сондай-ақ, сопылықтың өзіне тән терминдері мен ұғымдары кеңінен қолданылған шығармаларды алдық. Мысалы: Ахмет Иасауидің «Диуани хикметі», Сүлеймен Бақырғанидың әдеби мұрасы;

Діни-канондық деп, қасиетті Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінің, сондай-ақ, араб не парсы тілдерінде жазылған канондық еңбектердің түркі жазба тіліне жолма-жола аудармасын алдық. Мысалы: Қараһандықтар тұсындағы Құран тәпсірі, Әбу Ләйс Самарқандидың фикһқа қатысты еңбегі;

Діни-танымдық деп, Исламның негізгі ұстындарын, иман негіздері мен шариғат шарттарын ғылыми-танымдық жолмен насихаттайтын шығармалар мен еңбектерді алдық. Мысалы: Исламның «Муғинул-мурид», Бабырдың «Мубәййән дәр фикһ» секілді шығармалары.

Әрине, біз бұл жүйелеуді шартты түрде алып отырғанымызды баса айтқымыз келеді. Себебі кейбір діни шығармалар біз жүйелеген талаптардың аясына сыймауы немесе екі шартқа да қатар жауап беруі мүмкін. Мысалы, Сәйф Сараидың «Гулистан бит-турки» атты шығармасы діни-дидактикалық болуымен қатар, діни-сопылықтың талаптарына жауап беруі ықтимал. Сондықтан да діни шығармаларды жүйелегенде әлі де жетілдіре түсу керектігін жоққа шығармаймыз.

«Ислам өркениеті» дейтін ортақ ұғымның аясына топтасқан мұсылман халықтарының жазба мұрасы өз ана тілдерінен басқа, араб, парсы тілдерінде де дамығаны анық. Түркі халықтарынан шыққан көптеген ғалымдар мен ақындар өз туындыларын араб не парсы тілінде жазды<sup>14</sup>. Өкінішке қарай, арабша, парсыша жазылған туындыларды ауам халық жете түсіне бермейтін. Сондықтан да кейбір ғалымдар құнды еңбектерді түркі тіліне тәржімаласа, кейбір ұлтжанды ұландар өз еңбектері мен шығармаларын өз ана тілдерінде жазуға тырысқан. Біз бұл кітапты құрастыру барысында түркі жазба тілінде яғни ана тілімізде жазылған туындыларды ғана пайдаланғанды жөн деп таптық. Орта ғасырларда жазылған ескерткіштерді хронология-

<sup>14</sup> себебі ортағасырда ғылыми еңбектерді араб тілінде жазу белең алса, көркем шығарманы парсыша жазу жиі кездесетін.